

"Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру, азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер енгізу, қалпына келтіру, күшін жою тәртібі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 112 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 40 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 2 ақпанда № 12972 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрық 2016 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 180-бабының 2-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 112 «Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді, ұйымдастыру, азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер енгізу, қалпына келтіру, күшін жою тәртібі қағидаларын бекіту туралы» бұйрыққа (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 10764 тіркелді, 2015 жылғы 20 тамыздағы «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру, азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер енгізу, қалпына келтіру, күшін жою тәртібі қағидасында:

7-тармақтың 1-бөлімі мынадай мазмұнда жазылсын:

«7. Баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті тіркеуші органға немесе «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорация» коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес жазбаша нысанда не электронды түрде ата-аналары не басқа мүдделі тұлғалары оның туылған күнінен бастап екі айдан кешіктірмей береді, ал бала өлі туылған жағдайда медициналық ұйымның жауапты лауазымды тұлғасы өтінішті бала туылған сәттен бастап бес тәуліктен кешіктірмей береді.»;

67-тармақ мынадай мазмұнда жазылсын:

«67. Егер ұл (қыз) бала асырап алу туралы соттың шешімінде асырап алынған ұл (қыз) баланың тегін, атын, әкесінің атын, туған жері мен күнін өзгерткені туралы мәліметтер көрсетілмеген болса, онда тек ұл (қыз) бала асырап алу туралы акті жасалады. Бұл ретте асырап алынған ұл (қыз) баланың тууы туралы актілік жазбасында ұл (қыз) бала асырап алуды мемлекеттік тіркеу туралы белгі қойылады және тиісті

өзгерістер

енгізіледі.

Егер ұл (қыз) бала асырап алу туралы сот шешімі бойынша баланың жеке деректері өзгертілген болса, ұл (қыз) бала асырап алу туралы акт жазба жасалғаннан кейін, туу туралы акт жазба қалпына келтіріледі және жаңа жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН) қалыптастырылады.»;

81-тармақ мынадай мазмұнда жазылсын:

«81. Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы өтінішті азаматтар өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша осы Қағиданың 14-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жазбаша нысанда тіркеуші органға не Мемлекеттік корпорациясына немесе «Электронды Үкімет» веб-порталы арқылы электронды түрде береді.»;

133, 134-тармақтар мынадай мазмұнда жазылсын:

«133. Қайталама куәліктерді беру туралы өтініштерді тексеру өтініште көрсетілген жыл ішінде акті (метрикалық) кітаптар бойынша жүргізіледі, сондай-ақ өтініште көрсетілген азаматтық хал актілері тіркелген жылдан бұрынғы екі және кейінгі екі жыл аралығында жүргізіледі.

Азаматтық хал актісін тіркеудің нақты жылы көрсетілмеген болса, тексеру соңғы бес жылға жүзеге асырылады.»;

134. Азаматтық хал актісін тіркеу фактісін куәландыруда тіркеуші орган азаматтық хал актісін тіркеу туралы анықтаманы, осы Қағиданың 23-қосымшасына сәйкес нысан бойынша азаматтық хал актілерін тіркеу кітабындағы жазба негізінде береді.

Азаматтық хал актісін тіркеу туралы анықтама электронды түрде "электрондық үкімет" порталы арқылы, 2008 жылдан бастап өтініш берілген күн аралағындағы мәліметтері қамтылған АХАЖ АЖ арқылы беріледі.

Некеге құқық қабілеттілігі туралы анықтаманы тіркеуші орган өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша он алты жастан бастап жүргізілген мұрағаты бойынша тексерулер негізінде береді.»;

осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 23-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті (В.Қ. Калимова) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрінің интернет-ресурсында орналастыруды _____ қамтамасыз _____ етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің орынбасары Б. Ж. Әбдірайымға жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Министр *Б. Имашев*

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2016 жылғы 27 қаңтардағы

№ 40 бұйрығына

қосымша

Азаматтық хал актілерін
мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру,
азаматтық хал актілерінің
жазбаларына өзгерістер енгізу,
қалпына келтіру, күшін жою
тәртібі қағидаларына

23-қосымша

нысан

Туу туралы анықтама

Азамат(ша) _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
_____ туған

_____ (туған күні: жылы, айы, күні)
Т у ғ а н ж е р і :

_____ Республикасы
_____ облысы
_____ қаласы (елді мекені)
_____ ауданы

бұл жөнінде туу туралы актілерді тіркеу кітабында
20 ____ жылғы ____ күні ____ айы № ____ жазу жазылды
ЖСН _____

(б а р б о л с а)

А т а - а н а с ы :

Әкесі: _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Ұлты _____
Азаматтығы _____
Анасы: _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Ұлты _____
Азаматтығы _____
«__» _____ № _____ туу туралы куәлігі берілген
(кү н і) (а й ы) (ж ы л ы)
Мемлекеттік тіркеу орны (тіркеуші органның атауы) _____

М.О. _____ Тіркеуші органның басшысы
нысан

Әке болуды белгілеу туралы анықтама

Азамат _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

азаматша _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

_____ ж. «__» _____ туған
(туған жылы: жылы, айы, күні)

баласының _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

ә к е с і _____ д е п _____ т а н ы л д ы .

бұл жөнінде әке болуды анықтау туралы актілерді тіркеу кітабында
_____ жылғы _____ айының _____ күні № _____ жазу жазылды.

Әке болуды анықтауға дейін «Бала туралы мәлімет»
бағанында _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

әке болуды анықтаудан кейін _____.

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Әке болуды анықтауды тіркеудің негізі: _____

_____ «__» _____
(кү н і) (а й ы) (ж ы л ы)

«__» _____ № _____ әке болуды анықтау туралы куәлігі берілген
(кү н і) (а й ы) (ж ы л ы)

Мемлекеттік тіркеу орны (тіркеуші органның атауы) _____

М.О. _____ Тіркеуші органның басшысы

нысан

Неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы анықтама

Азамат _____
(неке қиылғанға (ерлі-зайыпты болғанға) дейінгі тегі,
аты, әкесінің аты (бар болса) _____ туған
_____ (туған күні: жылы, айы, күні)
Т у ғ а н ж е р і : _____
_____ Республикасы
_____ облысы
_____ қаласы (елді мекені)
_____ ауданы

Азаматтығы _____
Ұлты _____
және азаматша _____
(неке қиылғанға (ерлі-зайыпты болғанға) дейінгі тегі,
аты, әкесінің аты (бар болса) _____ туған
_____ (туған күні: жылы, айы, күні)
Т у ғ а н ж е р і : _____
_____ Республикасы
_____ облысы
_____ қаласы (елді мекені)
_____ ауданы

Азаматтығы _____
Ұлты _____
_____ жылғы _____ айының _____ күні некесін қидырды
(ерлі-зайыпты болды), бұл жөнінде неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы
актілерді тіркеу кітабында ____ жылғы _____ айының _____
күні № _____ ж а з у ж а з ы л д ы .
Неке қиылғаннан (ерлі-зайыпты болғаннан) кейін мына тектер берілді:
еріне _____
зайыбына _____
Неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы куәліктің берілген күні:
20 ____ жылғы _____ айының _____ күні
Неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы берілген куәліктің сериясы мен
н ө м і р і _____

Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу орны (тіркеуші органның атауы): _____

*Ескерту: неке бұзу туралы белгі бар болса толтырылады:
Жоғарыда көрсетілген неке № _____ жылғы _____
айының _____ күнгі акт жазбасына сәйкес бұзылған.

М.О. _____ Тіркеуші органның басшысы
нысан

Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзғаны туралы анықтама

Азамат _____ туған
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (туған күні: жылы, айы, күні)
Т у ғ а н ж е р і :

_____ Республикасы
_____ облысы
_____ қаласы (елді мекені)
_____ ауданы

Азаматтығы _____

Ұлты _____

және азаматша _____ туған
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (туған күні: жылы, айы, күні)
Т у ғ а н ж е р і :

_____ Республикасы
_____ облысы
_____ қаласы (елді мекені)
_____ ауданы

Азаматтығы _____

Ұлты _____

арасындағы неке бұзылды, бұл жөнінде некені (ерлі-зайыптылықты)
бұзғаны туралы актілерді тіркеу кітабында _____ жылғы _____ айының
_____ күні № _____

ж а з у ж а з ы л д ы .

Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеуге негіз болып
табылады: _____

Некенің (ерлі-зайыптылықтың) тоқтатылған күні: ____ ж. «____» _____

Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзғаны туралы сот шешімінің заңды күшіне
енген күні: ____ ж. «____» _____

Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзғаннан кейін мына тектер берілді:

еріне _____
зайыбына _____
Куәлік азамат (азаматша) _____ берілді.

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Құжатты берген мемлекеттік тіркеуші органның атауы:

Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзғаны туралы куәліктің берілген күні:
_____ жылғы _____ айының _____ күні

Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзғаны туралы куәліктің сериясы мен
н ө м і р і

М.О. _____ Тіркеуші органның басшысы
нысан

Ұл (қыз) бала асырап алу туралы анықтама

Азамат (ша) _____
(тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса))

_____ туған
(туған күні: жылы, айы, күні)

Асырап алынатын ұл (қыз) баланың туған жері:
_____ Республикасы

_____ облысы

_____ қаласы (елді мекені)

_____ ауданы

Ұл (қыз) баланы асырап алу туралы заңды күшіне енген сот шешімі және
баланың заңды өкілдерінің өтініші негізінде

_____ жылғы _____ айының _____ күні асырап алынды.

Асырап алушылар _____ туралы мәліметтер:

азамат _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

және азаматша _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Бала асырап алуды мемлекеттік тіркеуден кейін оған:

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты (егер бар болса) _____ бере отырып асырап алды,

бұл жөнінде бала асырап алу туралы актілерді тіркеу кітабында

_____ жылғы _____ айының _____ күні № _____ жазу жазылды
Мемлекеттік тіркеу орны (тіркеуші органның атауы) _____
Бала асырап алу туралы куәліктің берілген күні
_____ жылы _____ айының _____ күні
Бала асырап алу туралы куәліктің сериясы мен нөмірі

М.О. Тіркеуші органның басшысы
нысан

Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы анықтама

Азамат (ша) _____
(атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру мемлекеттік
тіркелгенге дейінгі аты, әкесінің аты (бар
б о л с а) т е г і)

_____ туған
(туған күні: жылы, айы, күні)
Туған жері: _____ Республикасы
_____ облысы
_____ қаласы (елді мекені)
_____ ауданы
атын, әкесінің атын (бар болса), тегін былай өзгертті:

_____ (атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру мемлекеттік тіркелгеннен
кейінгі аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)
бұл жөнінде атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы актілерді
т і р к е у к і т а б ы н д а

_____ жылғы _____ айының _____ күні
№ _____ жазу жазылды
Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеуді жүргізген
т і р к е у ш і о р г а н н ы ң а т а у ы :

Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы куәліктің берілген күні
_____ жылғы _____ айының _____ күні
Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы куәліктің сериясы мен
н ө м і р і

М.О. Тіркеуші органның басшысы
нысан

Қайтыс болу туралы анықтама

Азамат (ша) _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____ туған
_____ (туған күні: жылы, айы, күні)
Туған жері: _____ Республикасы
_____ облысы
_____ қаласы (елді мекені)
_____ ауданы

Қайтыс болған адамның жасы _____
Қайтыс болған күні: _____ жылғы _____ айының _____ күні
Қайтыс болған жері: Республикасы _____
_____ облысы _____
_____ қаласы (елді мекені) _____
_____ ауданы _____

бұл жөнінде қайтыс болу туралы актілерді тіркеу кітабында
_____ жылғы _____ айының _____ күні
№ _____ ж а з у ж а з ы л д ы
Құжатты берген мемлекеттік тіркеуші органның атауы:

Қайтыс болу туралы куәліктің берілген күні: _____
_____ жылы _____ күні _____ айы
Қайтыс болу туралы куәліктің сериясы мен нөмірі _____

М.О. Тіркеуші органның басшысы